

Դարսի
Կաճառ





УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)-8
Т-21

Құрастырушылар: **Б. Тоғысбаев, А. Сужикова**

Т-21 Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілік оқырмандарға арналған. /Құраст. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. — Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2011. — 376 бет.

ISBN 978-601-01-0525-6

Бұл кітап Қазақ хандығының қалай күшейгені, елін, жерін қалай көбейтіп кеңейткені туралы айта келіп, еркіндік, азаттық үшін қаншама ғасыр жанқиярлық жұмыс жүргізген ұлы адамдардың өмірі, ол адамдар туралы ел аузында қалған аңыз, әңгімелер туралы сыр шертеді.

Халық тарихы — тек қана жылнамалар жинағы емес, жеке ірі тұлғалардың өмірімен де тығыз байланысты екенін ескерсек, бұл кітаптың құндылығы арта түспек.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)-8

ISBN 978-601-01-0525-6

© Құраст. Тоғысбаев Б., Сужикова А., 2011
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2011



Тарихи Туғалар

Бесінші басылым



Алматыкітап баспасы 2011





Нұрсұлтан Назарбаев

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы — Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.

Қазақстан халқы өзінің ғасырлар бойғы тарихында әлденеше рет өз тағдырын таңдауына тура келді.

Ең негізгі таңдау осыдан он жеті жыл бұрын жаңа ғасырдың қарсаңында жасалды. Бұл еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі еді.

Бұл тарихи бетбұрыс Республикамыздың тұңғыш президенті Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлының атымен тікелей байланысты.

Біздің президентіміз — қазіргі саясаткерлердің ішіндегі өз елінде ғана емес, бүкіл әлем танып, үлкен беделге ие болған әйгілі тұлға.

Президент болып сайланғаннан кейін оның алдында күрделі міндеттер тұрды: Қазақстан экономикасының біржақты шикізаттық-өндірушілік бағыты, соның әсерінен өзгелерге тәуелділігі, өнеркәсіпті қалалардағы экономиканың негізгі тұтқаларына ие болып отырған топтардың қысымы, нарық қатынастары тудырып отырған қиындық т.б. Президент ұлтаралық араздықтың алдын алуға бар жігерін жұмсады. Ол Қазақстан халықтары Ассамблеясының, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының төрағасы.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас Қолбасшысы. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы.

Президенттің шешімімен еліміз жаңа ғасырға қадам басар тұста астананы Алатау баурайынан байырғы Сарыарқа өңіріне көшірілуі теңдессіз тарихи оқиға болды. Қазір бұл шешімнің өміршеңдігі күн өткен сайын дәлелдене түсуде.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, саяси, экономикалық және әлеуметтік жедел жаңару жолына түсті.

Еліміздегі ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылық арқасында Қазақстан әлемдегі достық пен бейбітшілік мекеніне айналды.

Республикамыздағы 40-тан астам дін мен конфессия өкілдері береке бірлікте өмір сүруде.

2030 жылға дейінгі қарқынды дамуды қамтамасыз ететін стратегиялық бағдарлама қабылданып, әлемнің ең серпінді дамыған елдерінің қатарына қосылдық. Шекара мәселесі біржолата шешілді.

Нарықтық экономиканың принциптеріне құрылған дамудың қазақстандық моделін қалыптастырып, мемлекеттің саяси өмірін одан әрі жетілдіру қолға алынып отыр.

Қазақстанның тұңғыш президенті 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келген.





1958-1960 жылдары Днепродзержинск техникалық училищесін, 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірген.

Нұрсұлтан Әбішұлы еңбек жолын 1960 жылы Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы “Қазметаллургқұрылыс” тресінде жұмысшы болып бастады. 1969 жылдан партиялық қызметке ауысып, Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, қалалық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, екінші хатшы болып істеді. 1973-1977 жылдары Қарағанды металлургия комбинатында партком хатшысы, облыстық партия комитетінде екінші хатшы қызметтерін атқарды. 1979-1984 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, 1984 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып қызмет істеді. 1990 жылы сәуір айында Республика Жоғарғы Кеңесі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Қазақ КСР-нің Президенті етіп сайлады. 1991 жылы 10 желтоқсан күні республика атауын өзгерту туралы заң қабылданып, бұдан былай Қазақстан Республикасы деп аталатын болды. Н.Ә.Назарбаев 1991 жылдың желтоқсан айынан — Қазақстан Республикасының Президенті.

1993 жылдан экономика ғылымдарының докторы. Халықаралық инженерлер академиясының академигі. 1995 жылдан Қазақстан Республикасының ұлттық Ғылым академиясының, Беларуссия ғылым академиясының, Қазақстан мемлекеттік университетінің академигі, Қазақ менеджмент, экономика және болжау институтының құрметті докторы.

“Құрмет Белгісі” (1972), “Еңбек Қызыл Ту” (1980), “Алтын қыран” (1996) ордендерімен, 1-ші дәрежелі Мәскеу князі әулие Даниил (Орыс православ шіркеуі, 1996), Үлкен крес Кавалері (Италия, 1998), Ярослав Мудрый (Украина, 1997), “Румыния Жұлдызы” орденімен (1999), “Исмоил Самони” орденімен (Тәжікстан, 2000), “Әулие Михаил мен Әулие Георгий Үлкен крес” ордені (Ұлыбритания, 2000), 1-ші класты Литва Ұлы князі Витаус (2000), “Тың жерлерді игергені үшін” медалімен (1984), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының екі Құрмет Грамоталарымен (1962,1971), “Америка Еріктілері” мемлекеттік емес органының “Еркіндік Факелі” (1998), “Көрнекті саяси қайраткерге ТМД елдері ішіндегі ең басты республиканың жаңа саяси, экономикалық, әлеуметтік құрылысын дамытуға қосқан орасан зор үлесі үшін” деген тұжырыммен “Капри Сыйлығы” берілді (1992). Германияның Нюрнберг қаласының экономикалық даму және маркетинг Гильдиясының Алтын медалі тапсырылды. Халықаралық Кранс-Монтана форумының сыйлығының иегері (1996).

1993 жылы Халықаралық “Руханият” рухани дамуды қайта жаңартуды қолдау ассоциациясының “Жыл адамы” атағы берілді. Астана қаласының құрметті азаматы (1998), “Жүз жылдықтың саяси қайраткері” номинациясының “Жыл Адамы” (Алтын Адам) (2000), Халықаралық инженерлік академиясының “XX ғасырдың көрнекті инженері” деген атағы берілді, 20-дан астам еңбектің авторы.

Қазақ қайдан шыққан?

Шет елде оқып жүрген ініме хат

Анкара әуежайында шығарып салып тұрғаныңда, әрненің басын шалған әңгімені бөліп:

— Аға, мен өз ата-тегіміздің тарихын тереңірек білгім келеді, бірақ қолымда қажетті құжаттар жоқ, әр жерден үзіп-жұлған деректер ғана бар, — деп едің. — Сіз Алматыда тұрасыз, Ұлттық Ғылым академиясы, кітапханалар қасыңызда, тарихшылардың ортасында жүрсіз, маған керекті әдебиеттердің тізімін бір жүйеге түсіріп жазып жіберсеңіз қайтеді?

Иә, інім, әдебиеттер тізімі жетеді, оны көшіріп бере салу оңай, менің оқығандарым — қазақша, орысша басылып шыққандары ғана. Оларда жасалған тұжырымдар, болжамдар біркелкі емес, көбінесе біріне-бірі қайшы. Әлі күнге дейін Қазақ хандығының қалай, не себеппен құрылғанын білсек те, “қазақ” деген сөздің мән-мағынасы жөнінде әр қилы пікірлер бар. Тарихшылардың дені “қазақ” деген сөз “еркіндікте жүрушілер” деген мағынаны білдіреді дейді. Бұған бір дәлел: орыс, украин помещиктерінің құлдығынан қашқандардың казак аталуы. Бірақ олардың ұры-қарыларға, жол тонаушы қарақшыларға қосылып, арам іспен байығанын, кейін өздерінше қауым құрып, Ресей империясының шекара күзетіндегі әскерге айналғанын, көрші елдерді отарлауда, басқыншылық саясат жүргізуде казактардың үлкен рөл атқарғанын еске алайық.

Тіпті, Алтын Ордадан, Қазан, Астрахань хандығынан, Ұлы Литва кнәздігінен әртүрлі қылмыс жасап қашушы казактар басқа елдердің билеушілеріне жалдамалы әскери қызметке кіргенін де ұмытпайық. Алтын Ордаға билік жүргізген соңғы хандардың бірі — Мамайдың шағын нөкеріне тұтқиылдан бас салған Мәскеу кнәзі Дмитрий Донской әскері — негізінен солар екенін білімпаз тарихшы Лев Гумилев жазып кеткен. “Қазақ”, “казак” деген сөздің мағынасы батырлықпен, ерлікпен еркін жүру, яғни Еуропа тілімен айтсақ, “рыцарь” дегенге келеді деп, бірсыпыра ғалымдар болжам жасайды, оған Шоқан да қосылған. Бізге университет қабырғасында қазақ тарихынан дәріс оқыған профессор Мұсатай Ақынжанов: бұл — “хас-сақ” деген ұғымнан шыққан деуші еді. Мағынасы — нағыз сақтар. Сақ елі Орталық Азияны біздің жыл санауымыздан бұрын жайлаған жартылай көшпелі, жартылай отырықшы





тайпалар одағы екенін көне грек тарихшылары Геродот, Страбон айтып кеткен. Отырықшылары өзен, көл жағаларына егін егіп, саз балшықтан салынған үйлерді мекендейтіні, көшпенділері мыңғырған мал ұстап, киіз үйлерде тұратыны, жауынгерлері (әр түтін ең кемі бір-бір атты әскер шығаруға тиіс болған) дулыға, сауыт киіп, үнемі ат үстінде жүретіні, қарулары – өткір жебелі садақ, ұзын найза, қайқы қылыш екенін, бөрінің ішетіні қымыз, жейтіні негізінен мал еті екенін талай саяхатшылар, зерттеушілер жазған. Біздің қазақ, тарих өлшемімен алсақ, күні кешеге дейін осылай өмір сүрмеді ме? Ана тілімізде “хас батыр”, “хас сұлу” деген ұғымдар “нағыз” деген мағынаны береді. Ал, бұған баламалы пікір айтушылар “хас” деген сөз түркі тілі арқылы келмеген, көрші елдерден киліккен ұғым дегенге саяды. Құдай-ау, қай ұлттың тілі қатып қалған атавизм?! Көрші елдер бірімен бірі аралас-құралас отырған соң жеке сөздері, терминдері оп-оңай сіңісіп кетпей ме? Алысқа бармай-ақ, көрші отырған орыс халқының өз төл сөзіндей болып кеткен “боран”, “тұман”, “тұлып”, “сырға”, “балық”, “зиян” (изъян) сияқты мыңдаған сөздер айна-қатесіз түркілерден ауысқан жоқ деп кім айтады? Ғылыми-техникалық терминдер түгелдей дерлік өнеркәсібі ерте дамыған Еуропа елдерінен ауысқанына күмән бар ма? Қазақтың әдеби тілінің өзінде көрші отырған моңғол, орыс, парсы және ислам діні арқылы келген араб сөздері аз ба?

Тарих тамырын басып көргісі келгендердің бір тобы “қазақ” атауын “қаз”, “ақ” деген сөздердің қосындысынан шығарғысы келеді. Халқымыз ежелден-ақ қазды, немесе аққуды қасиет тұтқаны рас, тіпті аққу бейнесі тайпалық белгілерде болған, осы күнге дейін “аққуды атуға болмайды, киесі ұрады” деген наным сақталған. Онда халқымызды “аққаз” деп сол заманда неге атай салмаған? Қаздай тізіліп, сайын сахарада көшіп келе жатқан жұртты көріп, өзгелер “шіркін, қаз-ақ!” деп тамсанудан шыққан деп айтушылар да бар.

Өз басым жазба шежіреге де, ауызша таратылған аңызға да онша сене бермеймін. Себебі, оларда бір руды бір атадан тарату, тіпті діни нанымдарға қарай бұра тарту белең алған. Бір атадан тарату – ел бірлігін сақтау мақсатынан, ал діни аңыздарға сүйену – Ислам дінін тұрмысқа, санаға берік орнату ниетінен туғаны хақ. Мысалы, күллі Алатау мен Қаратау айналасын жайлап жатқан Дулат, Албан, Суан, Ысты, Шапырашты, Ошақты тағы басқа қалың елдерді бір ғана Бөйдібек атаның бөйбіше-тоқалынан тарату – туыстықты нығайту тәрізді ізгі ниеттен туған. Тарихи деректерге сүйенсек, Дулат тайпалары “Дулу” деген атпен аңыздағы Бөйдібек тумастан талай ғасыр бұрын қытай жазбаларына енген, тіпті жеке мемлекет болған тұстары да бар. Алатау етегін жайлаған Шапырашты чігіл (жікіл, шыбыл) деген атаумен көрші елдердің көне жазба әдебиеттерінде жүр. Ал, ежелгі албандардың Кавказдағы өмірін Б.Қожабекұлы “Тарих тағылымы” атты кітабында (А., 1994) егжей-тегжейлі жазған.

“Қасог” деген атау VII ғасырдағы Византия жылнамаларынан кездеседі. Кезінде ұлы империя болған еуропалық бұл елдің Кавказдың, Қара теңіздің солтүстік жағалауынан Дунайға дейін көшіп жүрген, гректер – скиф, орыстар – половцы, кейбір жұрт “печенеги”, “хазары” деп атап кеткен біздің арғы бабаларымызбен сауда-саттық қатынас жасағанын археологиялық қазбалар дәлелдейді. “Құмандар”, “қыпшақтар” деп атаушылар да болған. Олардың құрамына қазіргі түркі тілдес халықтардың тайпалары, рулары енгені сөзсіз. Славяндар көп ғасырлар бойы “далалықтар”, яғни “половцы” деп, өзгелер

“кипчакские степи” атаған болса, сол замандарда басқа ру, тайпаларға қыпшақтардың үстемдік жүргізгенінің дәлелі. Орыстың көне заманнан қалған бірден-бір даңқты жазба туындысы “Слово о полку Игореве” дастанында Киев кнәзі “половцыларға” соқтығып, ақырында жеңіліп, тұтқынға түседі. Половцы-қыпшақтардың ханы Кончактың (Көншіктің) славяндармен бұл — қыз алысып, қыз берісіп, сауда-саттық жүргізіп жатқан кезі, қаншама кінәсі болса да Игорьді өлтірмей босатып жіберген. Ұзақ ғасырларға созылған мұндай қарым-қатынастың жазба әдебиетке айналған бір ғана көрінісі бұл. (Тіпті кнәз Игорь туралы шығарманың авторы түркі тілдес ақын да болуы мүмкін деген жорамал айтушылар да бар. Мысалы, Олжас Сүлейменов, тарихшы Сәбетқазы Ақатаев тағы басқалар). Шындығында, орыс кнәздері қанша күшейсе де, оңтүстігін жайлап жатқан көшпенді бабаларымызға тиіспеуге тырысқан, одақ іздеген, кейде жауларына қарсы күресу үшін көмек те сұрап отырған. Оны тіпті арыға бармай-ақ, тарихқа белгілі мына бір оқиғадан байқау қиын емес. Сүбітай Баһадүр мен Жебе ноянның әскері (бұлар — Шыңғысхан әскерлерінің бірер бөлігі ғана) Орта Азияны, Иранның солтүстігін Кавказды баса көктеп орыс жеріне енгенде кнәздар қыпшақтардан көмек сұраған. Алайда Қалқа өзені бойында тас-талқаны шығып жеңілген. Түбі бір, тілі, тұрмысы, салт-санасы ұқсас қандастарына қыпшақтардың қарсы шығуы — әлгіндей ғасырларға созылған көршіліктің, аралас-құралас болып кеткендіктің нәтижесі. Соның салдарынан қыпшақтар сайын даланы емін-еркін билеу мүмкіндігінен айырылды, кейін Шыңғысхан империясы жеке-жеке ордаларға, хандықтарға бөлініп кеткенде, бұрынғы киіздей тұтасқан қыпшақтар елдігінен айырылып, жаңадан қалыптаса бастаған әр халықтың, әртүрлі ұлттардың құрамына еніп кетті.

Қазақ халқының тарихын қозғағанда бірді айтып, бірге кете бермеу мүмкін емес. Өйткені қазақ халқы XV ғасырдың ортасында біртұтас мемлекет болып құралар алдында оның жеке ру-тайпалары талай-талай кезеңдерді бастан өткізген. Көп замандар әр мемлекеттің, тайпалық одақтардың, орда-хандықтардың құрамында өмір кешкен. Қазақтың қазіргі қабырғалы руларының бірі — қыпшақ тарихына да солай қараған жөн.

Ал енді қазақ халқының ру-тайпалары қайдан шыққан, кейін бастары қалай қосылған? Әңгімені осыдан өрбіткен жөн.

Қазақтың көне тарихын қозғайтын 1987 жылы Қытайдағы Шыңжаң баспасы шығарған қысқаша оқулықты Алматыдағы “Жалын” баспасы 1993 жылы арап қарпінен Мұратхан Қанидің көшіруімен қайта басып шығарыпты. Кітаптың алғашқы сөйлемі: “Еліміздегі қазақ ұлты — жүңхуа (қытай елінің аты) ұлттары үйелменінің бір мүшесі” деп басталады. Әр ғасырларда, әртүрлі себептермен ауып барған, қазіргі саны миллионнан асқан қазақтардың Қытай еліне “мүше” екені рас, бірақ саны көп ұлтқа аз ұлттың тәуелді екенін де айтып тұрған секілді. Шыңжаң өлкесін, яғни Шығыс Түркістанды Қытай империясының күшпен басып алғаны, ондағы негізгі халықтар — ұйғырлар мен қазақтар күні кешеге дейін азаттық алу үшін қолына қару алып күрескенін жасыра алмаймыз. Орыс империалистері ежелгі түркі жерін әуелі сонау Тынық мұхитына дейін, кейінірек Оңтүстік Сібірді, қазақ даласын, Орта Азия халықтарын зеңбірек күшімен басып алғанда, көрші жатқан алып “айдаһар” Қытай империясының аузына тыққан мол сыбаға еді ғой Шығыс Түркістан.





Қытай тілін білетін, жазуларын танитын, арап әрпімен жазып, оқитын Шыңжаң ғалымдары бірігіп жазған “Қазақтың қысқаша тарихында” көптеген шежірелерге, әсіресе, осы ғасырдың басында оқыған, білімді адамдар жинақтап басып шығарған шежірелерге және қазіргі Моңғолия жерінен өткен ғасырда табылған тас жазуларға сүйеніп: “Қазақтың арғы атасы — Алаш, делінген. — Алаштан қазақ туған. Қазақтан Бекарыс, Ақарыс, Жанарыс деген үш ұл болыпты”. Бекарыстың тұқымын “Ұлы жүз” деп атап, одан үйсін, қаңлы, дулат, сары үйсін (түркеш), жалайыр, албан, суан, шапырашты, ошақты, шанышқылы, сіргелі тағы басқаларды таратады. Ақарыстың тұқымын “Орта жүз” деп атап, одан арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақты өрбітеді. Жанарыстың тұқымын “Кіші жүз” деп атап, одан алшынды, алшыннан Әлімұлы, Байұлы, Жетіруды таратады. Бұл шежірелерді жинап бастырған Нұржан Наушабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтердің аруағына, рухына бас ие отырып, әлгі пайымдаулардың көне замандардан келе жатқан нақтылы жазба деректерге сай еместігін ашып айту керек.

Мен академик, ғылым докторлары дәрежесіне дейін жеткен талай тарихшылардың қазақ тарихына байланысты зерттеулерін салыстыра келе, бүгінде жеке ел болып отырған ұлтымыздың арғы тегі сақтар мен ғұндар екеніне көзім әбден жетті. Сақтар біздің заманымыздан бұрынғы VII-IV ғасырларда Орталық Азияны мекен еткен, аса күшті тайпалық одақтар құрған. Мысалы “шошақ төбелі тымақ киетін сақтар” негізінен Іле алқабы мен Жетісу өңірін мекендеген. Бұлар IV-III ғасырлардың айналасында әр түрлі жіктерге бөлініп, үйсіндердің, қаңлылардың, аландардың тайпалық одақтарын құрған. Іле өзенінің алқабы мен Жетісу өңіріне үйсіндер иелік етеді де, қаңлылар Қаратау, Сырдария аймағын мекендейді. Аландар Арал теңізі мен Каспий теңізінің солтүстігіне билік жүргізеді. Ал қытайлықтар “хуше”, “уже” деп атаған қыпшақтар әуелі Ертіс бойында, Тарым, Халбин тауларының бөктерінде көшіп-қонып жүрген.

Біздің жыл санауымызға дейінгі ең күшті тайпалық одақ — Үйсін хандығы жөнінде қытай жылнамаларында көп деректер бар. Өйткені олар төрт жүз жыл бойы мемлекеттік қарым-қатынас жасап отырған. Қытай империясының Уди деп аталатын патшасы үйсіндермен тату-тәтті тұру үшін Шижун ханшаны үйсін күнбилеріне ұзатып, Іле өңіріне келіп кеткен. “Бұлармен бірге келген Фың Лиау ханым үйсін елінде дарынды дипломат болып қызмет атқарған”, — дейді Шыңжаң тарихшылары. Ұлы Жібек жолының ашылып, Шығыс пен Батыс елдері арасындағы сауда, мәдени қатынастардың өркендеуі де осы тұс.

Сол замандарда қытай елінің бірлігіне, жерінің тұтастығын сақтауына күшті қауіп төндірген тайпалық одақ — ғұндар еді. Қытайлар һүн, батыс зерттеушілер “г” деген әрпі болмағандықтан хун деп атаған 24 тайпадан тұратын осынау көшпенді ұлыс екі жүз жыл бойы көршілеріне тыныштық бермеген. “Б.ж.с. дейінгі III ғасырда дәуірлеп, жаңа жыл санаудың I ғасырында ыдыраған ғұндар қазіргі Моңғолия жерінен шығып, өзінің көсемі Мөте (Мөде) төңірік тұсында төңірегіндегі талай ұлыстарды бағындырып, шығыста Лиаухы өзенінен бастап, батыста Памир тауына дейінгі, солтүстікте ұлы қорғанға дейінгі (Қытайдың ұлы қорғаны сол кезеңде салына бастаған) ұлан-байтақ өңірге үстемдік еткен,” — дейді Шыңжаң тарихшылары. Ғұндардың бір бөлігі ежелгі қазақ ұлыстарымен араласып, біздің халықты құраған ірі тамырдың біріне айналған. Әсіресе, олардың үйсіндерге сіңуі — бөлек әңгіме...

Қытай патшалығының және Үйсін күнбилерінің соққысына шыдамай батысқа қарай ауған ғұндардың бір бөлігі қаңлы, алан тайпаларымен араласып кеткен. Бір бөлігі Еділ мен Днепр өзендеріне дейін жетіп, біраз дәурен сүрген соң, б.ж.с. V ғасырында ыдырап, тараған. Қазіргі оғыз ұрпақтары (түркімен, әзірбайжан т.б.), қыпшақтар, қарлықтар Еділдің төменгі жағына, қыр сахараға, Сырдарияның төменгі құйылысына келіп тоқтаған ғұндардан сол аймақты мекендейтін қазақ рулары да арғы тегін іздей алады. Тіпті “Арғын” деген атаудың өзі ежелгі ғұндардың “арұғ” (ар-таза, ақ) деген сөзінен шыққан, яғни “таза ғұн” деген мағынаны береді деу дұрыс деп ойлаймын. Ал Қыпшақ елінің ұраны – “ойбас” немесе “ойырбас”, ол – ғұндардың атақты батырының аты...

Ал енді қазақ тайпалары көне түрік ұлысына қай тұстан қосылады?

Қазіргі қазақ рулары құрысқан ұлы мемлекеттер жерге, билікке жеке хандардың, қолбасшылардың бүлігінен әлсіреп, сыртқы жаулардың жемтігіне айналған замандарда, сол тайпалардың бірі Алтайдан шыққан көк түріктер бас көтеріп, бытыраған, шаруасы шайқалған, бірліктен, ынтымақтан айырылған ұлыстардың басын қайта біріктіреді. Олар туралы алғашқы жазба деректер қытай жылнамаларында жаңа жыл санауымыздың 542 жылынан бастап кездеседі. Бұған жол салған – түріктердің көрші тайпасын басқарған Түмен қаған (бұған тілі келмейтіндер Бумин деп атаған). Темір балқытып, сол замандағы аса қаһарлы қару жасай алатын Алтай күнгейіндегі түрік тайпаларының басын қосып, жақсы жарақтанған атты әскерлер жинап, өзіне қауіп төндірген немесе менсінбей қарым-қатынас жасаудан бас тартқан көрші тайпалардың билеушілерін жер жастандырып, Түмен 552 жылы өзін “ел қағаны” деп жариялайды. Оның інісі Мұқан қаған билік жүргізгенде бұл мемлекет мейлінше күшейеді. Жожан (авар) хандығын біржола жойып, шығыста қидандарды, солтүстікте қырғыздарды, батыста ақ ғұндарды (эфталиттерді) талқандап, Орта Азияны түгел өзіне қаратқан. Иелік еткен жерлері шығыста Лианьхай теңізінің батыс жағалауынан бастап, Гоби шөлін басып, Байкал көлін асып, Каспий теңізіне дейін жеткен. Негізгі ордасын қазіргі Моңғолиядағы Орхон өзенінің бас жағына орналастырған. (Дәл осы тұсқа ерекше назар аударған жөн: кейінгі Шыңғысхан империясы да Орхон, Онон, Керулен өзендерінің айналасынан басталған). Ал бұл кезде Алтай мен Каспий аралығындағы ұлан-байтақ алқапты қазіргі қазақ халқының ата-бабалары мекен еткенін тағы ескерейік.

Түменнің тағы бір інісі Естеми (Естемес) қолбасшылық еткен жойқын әскерлер (жалпы саны жүз мыңдай) Орта Азиядағы мемлекеттерді де құлатып, өзіне бағындырған.

Өзара қырқыстың нәтижесінде ұлы Түрік қағанаты Естеми өлгеннен кейін, яғни, 582 жылы “шығыс түрік қағандығы”, “батыс түрік қағандығы” болып екіге жарылды. Шекара – Алтай тауындағы Аратүрік ауданы. Батыс түрік қағанының ордасы Шу өзені бойындағы Суяп қаласына орналасқан. (Одан он ғасыр өткеннен кейін құрылған Қазақ хандығы да күш-қуатын осы Шу өзенінің бойынан бастау алғанын еске түсірейік). Халқы – сол баяғы түркі тілдес үйсіндер, қаңлылар, дулаттар, қыпшақтар, шығылдар (чігіл – шапыраштылар) т.б. Бұлар негізінен мал шаруашылығымен айналысқанымен Іле, Шу, Талас өзендерінің алқаптарына егін егіп, жеміс-жидек, жүзім өсірді. Еккендерінің көбі – бидай мен тары. Көптеген жаңа қалалар салына бастаған. “Ұлы Жібек жолы” осы өлкені басып өткендіктен шығыста Қытай, батыста





Византия мемлекеттерімен сауда-саттық, мәдени байланыстар күшейген. Қытай саяхатшыларының жазбаларында қаған орталығы Суяптан басқа Құлан, Неуакет (Шу алқабында), Тараз (қазіргі Жамбыл), Мерке қалалары да ерекше аталады.

Бұл замандардан қалған ұлы белгілер үшеу: Моңғолиядағы Орхон өзені бойынан табылған “Тониқұқ” (кейбір зерттеушілер “Тоныкөк” деп те жазып жүр), Күлтегін ескерткіштеріне, Абақан өзенінің бойындағы найман ұлысының Инанич-білгесінге (Бұқа ханға) орнатылған құлпытастағы жазулар. Сына әріптерімен кестеленген бұлардағы сөздердің мән-мағынасы қазіргі түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ. Демек, бүгінгі Моңғолия жерінде көне ғасырлардан бермен қарай, тіпті Шыңғысхан империясы құрылар алдында да негізінен түркі тілдес тайпалар өмір сүрген. Қазақ ғалымдары М.Жолдасбеков, Ғ.Айдаров, Қ.Өмірәлиев тағы басқалар тастағы сонау жазуларды ешбір аудармасыз еркін оқып, қазіргі қазақ тіліне келтіріп кітаптарға бастырды. Шыңғысхан және оның ұрпақтары жүргізген ұлы жорықтарға байланысты түркі тайпалары түгел дерлік қазіргі Моңғолия жерін тастап, осы күнгі Қазақстан жеріне, Орта Азияға, Алтын Орда аймағына қоныс аударған.

Менің алдымда 1988 жылы Мәскеудегі “Наука” баспасы үшінші рет өңдеп, толықтырып шығарған “История Монгольской Республики” деген үлкен том жатыр. Оның бас редакция құрамында КСРО және Моңғолия Ғылым академияларының көрнекті ғалымдары бар. Бұл кезде Кеңестер одағы империясының үстем болып тұрғанын ескерсек, соншама үлкен еңбекте Қазан төңкерісіне дейінгі тарихтың аз қамтылғанын түсіну қиын емес. Дегенмен, әңгіме тарихи оқиғалардың қалай бағаланғандығында емес, келтірілген деректерге көңіл бөлген жөн. Кіріспесінде: “Классовое общество и государственность впервые в Центральной Азии сложились на территории Монголии у Хунну (ғұн дегені) в III веке до нашей эры. Первыми государствами раннефеодального типа в Монголии были: Жужанский каганат (4-6 вв. н.э.). Тюркский каганат (6-8 вв. н.э.) и уйгурское ханство (9-10 вв.). Процесс феодализации находит дальнейшее развитие в Киданской империи, существовавшей в 9-12 вв.” – деген сөздер бар. Осындағы бізге бейтаныстау көрінетіні Жужань қағанаты мен Кидань империясы. Бұлар тайпалық, рулық құрамы жөнінен кімдер? Арасында ғұндардан кейін құрылған Сяньби мемлекеті де аталған.

Түркі тілін білмейтіндіктен сол замандардағы қытай жылнамашылары солтүстігіндегі ұлыстардың, тайпалық одақтардың аттарын өз ұғымына, тіліне, жазуына қарай ыңғайлап, танымастай етіп бұрмалап, хатқа түсіре берген. Ал оларды қытай тілінен аударып, кейін зерттеген орыс, Еуропа ғалымдары қазіргі Моңғолия, Алтай аймағындағы көшпенділердің қайдан шыққанын, тегі кімдер екенін әбден шатастырған. Мысалы, өткен ғасырға дейін, Моңғолиядағы Орхон-Енисей (Енесей) тас жазбалары табылғанша сол аймақтағы ұлыс, тайпалардың бәрін “моңғолдар” деп келген. “Моңғол” деген сөздің этнонимін (түп мағынасын) осы күнге дейін ешқайсысы білмейді. Көне моңғол руларының бірі шығар деген жорамал жасайды. (Бұл туралы өз ойымды Шыңғысхан заманына келгенде айтармын).

Сақтар, ғұндар өрлеген ғасырларда “моңғол” деген сөз атымен де, затымен де жоқ. Біз әзірше қытай қазақтарының жазуымен “маңғол” дей тұрайық.

“Казахстан: летопись трех тысячелетий” деген кітабында Петербуртта

тұратын көрнекті ғалымдар С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов түркі, моңғол тілдерінде сөйлеген тайпалар жапсарлас, кейде аралас-құралас өмір сүргенін (жаңа жыл санауымызға дейін), моңғол тілінде сөйлеушілер негізінен Солтүстік Маньчжурия мен қазіргі Солтүстік-шығыс Моңғолияда, ал түрік тілінде сөйлеушілер Орталық және ішкі Моңғолияны, Байкалдан Ордосқа дейінгі аймақты мекен еткенін атап көрсеткен. Сол аймақтағы көшпенділердің алғашқы империясын құрған ғұндар көне түркі тілінде сөйлегені де айтылған. Түркі тілін Орта Азияға әкелгендер де сол ғұндар деп есептейді. Тіпті Еділ бойындағы, Ресей мен қазіргі Украинаның оңтүстігіндегі тайпаларға да түркі тілін таратқан сол ғұн бабаларымыз екен. (52-бет).

Қытай жылнамашысы Сыма Цян Орталық Азиядағы көшпенділерді “ху” деп атаған. Кейін “дунху” — “жабайы басқыншылар” деп ат қойған. Олардың киіз үйде тұратынын, жыл он екі ай малға өріс және жайылым іздеп көшіп жүретінін, ет жеп, қымыз ішетінін, жүннен киім тоқитынын суреттеп жазған. Кейбір топтарының егін ететіні де айтылған. Олар қытайлықтармен кейде одақтасып, кейде жауласып, алтынын, жібек маталарын олжалап отырған. Бірақ жерлерін біржола басып алу ниеті болмаған. Бүгінгі тілмен айтсақ, ой-санасы, тілі бір үйсіндермен одақтасып, ғұндардың бес ғасыр бойы өмір сүрген ұлы империясын құрғаны мәлім.

Ғұндардың негізгі күші жаугершілікпен Орта Азияға, Батыс өлкелерге ауған соң, билікке, жерге таласқан қырғын соғыстардан кейін Моңғолия жерінде Сяньби мемлекеті пайда болған. Л.Викторова: “Батыс сәнбилер ғұн тілінде сөйлеген”, — дейді. Олардың тұрмыс-салты, тіршілігі сол бұрынғы көшпенділерден аумайды. “Моңғол тарихындағы” Сяньби мемлекетінің шекаралық картасында солтүстігіндегі Байкал көлі, Енесей бойындағы қырғыздар көрсетілген. Оңтүстігінде сол мемлекет құрамына кірген қидандар, тобалар, тохарлар аталған. Бұл тайпалардың көне түркі тілінде сөйлегеніне дау жоқ. Өзендері — Керулен, Онон, Орхон, Селеңгі (екеуі қосылып Байкалға құяды. Бұл өлке Шыңғысхан бабаларының ата мекені екенін тағы да еске түсірейік.) Жаңа жыл санауымыздың III ғасыры ортасында қытайлықтар біріне-бірін айдап салған ақсүйектердің өзара айқасынан Сяньби мемлекеті әлсірейді де, Оңтүстік Моңғолияда мойын және тоба деген тайпалар күшейіп, мемлекет құрған. Бұлардың кімдер екенін аттарының өзі-ақ айтып тұрған жоқ па?

Бұлардан кейін тарих сахнасына жужандар шығады. Моңғол тарихында олар, бәлкім, моңғол тілінде сөйлеген шығар, шығу тегі сяньби болуы мүмкін делінген. Тайпа есімдері қағазға қытай тілінде түсірілгенін ескерсек, бұған да күмән зор. Себебі, ол заманда, IV-VI ғасырларда “моңғол” деген ел де, жер де жоқ. Жужандар батысында Алтай түріктерінен (оларды қартада “дулга” деп жақшаның ішіне алыпты — қазіргі дулаттардың арғы тегі емес пе екен?) алым-салық алып тұрған, металдың өртүрінен жасалған қару-жарақпен қамтамасыз ететін қолөнершілер ретінде пайдаланған.

Жужандардың қанауына қарсы бұған дейін де бірнеше рет бас көтерген Алтай түріктері тегі, тілі бір тайпалармен одақтасып, VI ғасырдың ортасында Жужан мемлекетін тас-талқан етеді. Оның халқы жаңа құрылған Түрік қағанатына қосылады, авар деп аталатын бір бөлігі түріктерге бағынғысы келмей, 30 мың түтінімен Дунай-Карпат ойпатына көшіп кеткен.

VI-VIII ғасырлардағы Шығыс Түрік қағанатының шекара картасына қарап





отырсаңыз, Шығысынан Үлкен Хинган жоталарын, сол маңайды мекендеген татарларды, Солтүстігінен Керулен мен Орхон өзенінің аралығын қоныс еткен наймандарды, Батысынан Алтай тауының қырларын, Оңтүстігінен Ұлы Гоби құмдарын көреміз.

Таққа, билікке таласқан ханзадалардың кесірінен VIII ғасырдың 40-жылдарында Шығыс Түрік қағанаты құлап, оның орнына Моңғолияда ұйғыр хандығы пайда болады. Он ұйғыр, тоғыз ұйғыр деп аталатын тайпалар қазіргі Моңғолия жерінде күшті мемлекет құрған. Археологтар тапқан бас сүйектерден олардың да “монголоид” типтес екені анықталған. Кейін олар Орта Азияға жер ауғанда европеидтік типпен қалыптасқанын айтады ғалымдар. Моңғолияда ұйғырлар да көшпенді өмір кешкен, түркі тілінде сөйлеген. Жүз жылдай үстемдік еткен Ұйғыр хандығын Енесей бойынан бас көтерген қырғыздар қиратқан. Бірақ көп ұзамай қырғыздарды Шығыстан соқтыққан қидандар қуып шыққан.

Бір ескеретін жағдай, Ұйғыр хандығының солтүстік шығысында ежелгі түркі тайпаларымен бірге картада тұңғыш рет азғана жерге ие болған моңғол-шивэйлер көрсетілген.

Ұйғыр хандығы кезінде оны мекендеген түркі тайпалары мәдениет жағынан ілгері дами түскенін, көп қалалар салғанын, малшылықпен бірге егіншілік өріс алғанын, қолөнердің, сауда-саттық қатынастардың өркендегенін атап өткен жөн.

Олардың орнына келген қидандар — бұған дейін қазіргі Маньчжурия жеріндегі Шана-Мүрен өзені бойында көшіп жүрген ғұндардың бір тармағы. Қидан империясының картасында моңғол-шивэйлер жоқ. Онон, Керулен өзендерінің, жағалауларынан жалайыр мен тайшуыттарды, шығыс шекарасынан татарлар мен қоңыраттарды, Солтүстіктегі Орхон өзенінің бойынан меркіттерді, Байкалдың батыс жағынан Ойраттар мен қырғыздарды, солтүстік батысынан наймандарды (картада, неге екені белгісіз, шаймань деп аталыпты), батысынан Тянь-Шань ұйғырларын, оңтүстік ұйғырларын, оңтүстігінен таңғұт мемлекетін, оңтүстік шығыс жағынан оңғұттарды көреміз. Моңғолдар меркіт пен тайшуыттың оңтүстігіндегі азғантай жерді алып жатыр. Мен мұның бәрін не үшін тәптіштеп отырмын? Осыдан кейін дүниежүзі тарихында татар-моңғол шапқыншылығы немесе Шыңғысхан империясы деп аталған ұлы мемлекеттің түп төркінін іздестірмекпін.

Билікке таласқан топтардың өзара қырқысуынан Қидан мемлекеті әлсіреп, Цзинь деп аталған Чжурчжень мемлекетінің қарауына көшеді. Қидандардың Елүй Дашы басқарған бір бөлігі жаңа билеушілерге бағынбай Орта Азияға ауған, онда Қара қидандар мемлекетін құрған.

Сақтар мен Ғұндардың араласуынан шыққан қазақ ата-бабаларының Шыңғысхан таққа көтерілгенге дейінгі хал-жағдайы осындай. Шыңғысхан және оның ұрпақтары жасаған жойқын жорықтардан кейін дүние жүзінің картасы қалай өзгергенін барша жұрт біледі. Мен оның қазаққа қатысы бар жерлерін қысқаша ғана айтып, көптен көкейімде жүрген топшылау жасамақпын. Ұлы империя құрған Ғұндар, Ұлы Түрік қағанатының негізін салған аса ірі тайпалық одақтар жалайырлар мен тайшуыттар, татарлар мен қоңыраттар, наймандар мен ұйғырлар, қырғыздар мен меркіттер бірді-жарым бөлігі болмаса, XIII ғасырдың басына дейін Батысқа тұтастай қоныс аударған жоқ-тұғын. Шыңғысхан тарих сахнасына шыққан кездегі Моңғолия картасына

қарасаңыз, бәрі өз мекендерінде отыр. КСРО Ғылым академиясының “Наука” баспасы 1980 жылы шығарған зерттеуші Л.Викторованың: “Монголы: истоки происхождения народа и истоки культуры” деп аталатын кітабында ірі ғалымдар Малов (1951 ж.) пен Басқақовтың (1964 ж.) соңғы пайымдауларына сүйеніп, ғұндарды түркі тілдес болған, — дейді, ал ғұндардан қият, тайшуыт тарайды. Өте-мөте назар аударарлық нәрсе — тайшуыттардың бір бұтағы бөріжеген (тілі келмейтін көршілері “бурджиген” деп атап келе жатыр) ұрпағынан теміршінің (тілі келмейтіндер “Тимучин” деп атап кеткен) бабалары тарағаны анық. Демек, Темірші — Шыңғысхан түркі тілінде сөйлеген.

Шыңғысхан өлгеннен кейін оның империя құру тарихын қытай, қазіргі моңғолия жеріндегі халха-моңғолдар, парсылар өз тілдерінде жазғандықтан тайпа, ру аттарын бұрмалап, өзгертіп ала берген. Қытай жылнамаларының көне жазбаларындағы, халха-моңғол тілінде жазылған “Құпия шежіре”, “Алтын топшы” дейтін кітаптардағы, парсыша жазылған Рашид аддиннің, Джувейнидің еңбектеріндегі шатысулардың негізгі бір себебі — сол авторлардың көне түркі тілін білмеуінен шыққан деп есептеймін. Сол замандарда көне түркі тілінде жазылған бірде-бір тарихи кітап сақталмаған. Ғалымдардың негізгі сүйенетіні — қазіргі Моңғолия жерінен табылған тастағы сына жазулар, оларды бүгінгі түркі тілдес халықтар арасынан шыққан ғалымдардың емін-еркін оқып жүргенін жоғарыда айттық.

Темірші — Шыңғысхан жалайыр тайпасынан шыққан деп жазып жүргендер де бар. Жақында Қазыбек бек Тауасарұлының “Түп тұқияннан өзіме шейін” деген кітабынан алып, “Қазақ әдебиеті” жариялаған шежіреде Шыңғысханды жалайырдан шыққан деп, 25 атасына дейін таратыпты. Бұл — шындықтан гөрі аңыздан алынған ба деп шамалаймын. Себебі, сол заманның тарихын ескілі-жаңалы жазба деректерге сүйенген зерттеуші ғалымдардың бәрі бір ауыздан Ұлы қолбасшыны (Бөріжеген) Тайшуыт тайпасының ұрпағы деп дәлелдеген. Жалайырлардың Теміршіні бірден қолдап, ұлы хан дәрежесіне жеткізген тайпалардың бірі болғаны рас. Тіпті Жалайыр Мұқали сияқты ғажайып қолбасшының Солтүстік Қытайды, 1915 жылы Пекинді (Чжундуды) жаулауда басты рөл атқарғаны жоғарыда аталған “Дүние жүзі тарихында” бар. Ал қазіргі Ауғанстан жерін, Иранды, Иракты, Әзірбайжанды жаулап, Сирияға дейін барған Хұлагу әскерлерінің талайы жалайырлар екенін көрнекті тарихшылар Греков пен Якубовский жазып жүр. Хұлагудың ұрпақтары өзара қырқыса берген соң сол өлкелерді жалайырлар сексен жылдай жеке билеп, династия құрғанын біраз ғалымдар дәлелдеп зерттеген.

Шыңғысханның әуел бастағы әскерлерінің көпшілігі түркі тайпаларынан жасақталғанын байқау қиын емес. “Дүние жүзі тарихында” да, Моңғолияның өз тарихында да, көне түркі тілінен хабарсыз барлық ғалымдар “моңғол” деген сөздің мағынасы “мәлімсіз” деп жазып жүр. Енді бір зерттеушілер Шыңғысхан империясында “моңғол” тайпасы үстемдік еткен дейді. Бұл тіпті қисынсыз. “История Монгольской Народной Республики” деген үлкен томдағы картада “монголы”, “монголы — шивэй” деген тайпалар бармақ басындай ғана жер алған да татарлар, тайшуыттар, жалайырлар, наймандар, керейлер, қоңыраттар, қырғыздар, меркіттер, ұйғырлар ұлан-байтақ тау, далаларды жайлап жатыр. Шыңғысханның өзі Тайшуыт-Бөріжеген тайпасынан шыққанын ескерсек, “моңғол тайпасы үстемдік етті” деген жорамалдан тамтық қалмайды.

“История Монгольской Народной Республики” деген томда: “Многочислен-





ным и сильным племенем были джалаиры, кочевавшие в долине р. Онона. В долине рек Онона и верховьев Селенги жило также племя тайчуитов... Крупным и влиятельным племенем были кэрэиты (керейлер Б.Т.). Они обитали главным образом между Хингайским и Хинтэйским хребтами, в долине рек Орхон и Толы. Местность к западу от кэрэитских кочевий, в районах между Хингайским и Алтайским хребтами, была заселена найманами... Кочевья найманов доходили до р. Орхона, до тех мест, где впоследствии была основана первая столица Монгольской империи – Каракорум” (124 стр.)

Осында аталғандардың бәрінен келешектегі қазақ халқын құраған тайпалар екені көрініп тұрған жоқ па? Бұл тайпалардың кейбір бөліктері Орта Азияны, Еділді, Кавказды мекендейтін ұлттардың құрамында да бар екенін ескерейік.

Шыңғысхан қазіргі Қазақстанның Жетісу, Арқа аймағын аса қиналмай, жойқын соғыссыз алған. Өйткені бұл өлкедегі Үйсін мен Арғындар Батыс Түрік қағанатының жұрнақтары-тұғын. Салт-санасы, тұрмысы ұқсас, ең бастысы – тілі бір туыстарын қуана қарсы алған деп те жазып жүр. (“Қазақ тарихы” журналы, № 5, 1994 жыл). Шыңғысханның қудалағаны – өзіне бағынғысы келмей Жетісу өлкесіне қашқан найман ханы Күшік және соның сыбайластары ғана. Бірнеше ғасырдан бері Жетісу өлкесін жаулап алып үстемдік жасап жатқан қара-қидандардың гурханын әуелі Күшік құлатқан, ал қалғандарын Шыңғысхан жоқ қылған. Шыңғысханның негізгі мақсаты – арғы тегі ирандықтар билеп отырған Хорезм мемлекетін талқандау-тұғын. Себебі, татулықпен көрші тұрайық, сауда-саттық қарым-қатынас жасайық деп, сый-сияпатпен жіберген елшілерін хорезмшах Мұхамедтің бұйрығы бойынша құрта берген. (Бұл жорықтар тарихи әдебиеттерде кең көрсетіліп жазылғандықтан көп тоқталмаймын).

Кейбір зерттеушілер Теміршіге “Шыңғысхан” деген ат беріп, ақ киізге көтеріп, ұлы хан сайлаған жер – Онон өзенінің бойы деп жазады. Академик Әлкей Марғұлан Теміршіні түркі тілдес тайпалар қазіргі Қазақстанда Семей облысының жерінде, кейін ұлы Абай туып-өскен аймақтағы Шыңғыстау етегінде ақ киізге көтерген деп болжайды. Сол жерде Орда деген тау да бар. Яғни, Темірші жаздық Ордасын сол таулардың етегіне тіккен де, қыстауын Қаракорымға салған. “Қара” деген сөздің қазақша “үлкен” деген мағынаға меңзейтінін ұмытпайық. Мысалы, “қара мал” – сиыр, жылқы, түйе, “қара жол”, “қара құм” – үлкен құм тағы басқалар. “Қарайғанға қараймын қара ма деп” деген өлең жолындағы “қара” деген сөз “үлкен бір нәрсе ме” деген мағынаны беріп тұр. “Қорым” әуелде “көп үй” деген мағына бергенмен, кейін өзгеріпкіреп “мола”, “зират” деген мағынаға ауысқан. (“Ол маңай қазір қалың қорымға айналып кетті” деген сияқты).

Ал “Шыңғысхан” атауы жөнінде Петербург ғалымдары Кляшторный мен Сұлтанов: “Значение титула Чингиз (Чингис, Хингис) – хан до сих пор точно не установлено. По мнению ряда востоковедов, титул “чингиз” происходит от тюркского слова “тенгиз – море, океан и композит Чингизхан, соответственно, означает океан-хан”, то есть, “Владыка океана”, “Всемирный хан”, – деп жазыпты. Шыңғыстың өзі жаулаған өлкелерде ешқандай мұхит болмағанын ескерейік. “Шың” – биік деген мағына беретінін де ойлау керек шығар. Бәлкім, “Шығыс ханы” ма екен? Қытайлықтар тілі келмей түбіріне “чин” деген сөзді қосып жіберуі де мүмкін-ау! Тіпті, өзім ойлаймын,